



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

12.05.2020 жыл

Зеренді ауылы

№ 117

село Зеренда

2019-2020 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырындағы № 177 бұйрығының негізінде, сондай-ақ меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2019-2020 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы білім беретін күндізгі және кешкі (кезекті) оқу орындарының барлық түрлеріндегі мектепалды, 1-11 (12) сыныптарда оқу сабақтары 2020 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
2. Қорытынды аттестаттауды:
 - 1) 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары тапсырмайды, аттестат ағымдағы жылының жылдық бағалары негізінде беріледі;
 - 2) экстернат нысанында оқитындар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, тоқсан бойынша жиынтық бағалау нысанында тапсырады;
 - 3) шетелге оқуға түсу үшін кеткенде немесе тұрғылықты орнын шетелге ауыстырған жағдайда, растайтын құжаттарын ұсынған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың бітірушілері қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып онлайн режимде қорытынды бітіру емтихандары және мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында тапсырады;
 - 4) халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға баратын және сол жақта білім беру мекемелерін аяқтайтын 11 (12) сыныпты бітірушілер 11 (12) сынып үшін 10 сыныптағы жылдық бағасын ескере отырып оқыған елдегі ағымдағы бағаларының негізінде тапсырады.
3. Аудандық білім беру ұйымдарының басшылары 2019-2020 оқу жылын осы бұйрықтың талаптарына, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен